

Г 2010
2442 к

884.342-1

Т 88
код 93

ТӨРЕГЕЛДІ
ТҰЯҚБАЕВ

ҚАРЛЫ
ҚҮЙЫН

ЖАЛЫН

Г 2010/2442 к

ТӨРЕГЕЛДІ 234.342-1
ТҰЯҚБАЕВ Т 88

ҚАРЛЫ ҚҰЙЫН



ӨЛЕНДЕР
МЕН ПОЭМАЛАР

Х.Ч.

АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1982

821.512.122-1

Қаз2
Т 88



Тұяқбаев Төрекелді.

Т 88 Қарлы құйын: Өлеңдер мен поэма-
лар.—Алматы: Жалын, 1982.—80 бет.

Кітап екі болімнен тұрады. Бірінші белімге жис-
акының тұған ел, есекен өнір, достық, махаббат
тураалы лирикалық өлеңдері енді.

Екінші белім «Қар Адамы» және «Сүйимегендер
сағынбайды» атты екі поэмалың басын құрайды.

T 70403—176
408(05)82—179—82—4702230200

Қаз2

© «Жалын» баспасы — 1982

Бірінші бөлім



ӨЛЕНДЕР

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Тұлпарлардан жазбайтын дәйім көзін,
Бала кезім — жарысқа дайын кезім.
Жазғытүрым болатын тайжарысқа,
Баптап қосып жүруші ем тайымды өзім.

Толыбайдай сыншы еді бір атайым,
«Сол атайға тайымды сыннатайын!»
деп жүргенде, кеткендей қолды болып,
Ұшты-күйлі жоғалды құла тайым.

Әкем сонда бір сырды саралады:
«Мал міnezін ұқпапсың, балам, әлі.
Текті болса, құла тай оралады!»
Тура шықты әкемнің жорамалы.

Оралса да құла тай қазығына,
Кіді қарап тұрды әкем мәз ұлына.
Сонан бері озсам да сан бәйгеде,
Қайта оралмай қойдым-ау жазығыма.

Сексен аттың шабысы — сексен бөлек,
Біреуінен алмапсың, тек, сен дерек.

Уа, туған жер, өзіңнен
Басы қатты
Құла тайдай шығандап кетсем керек!

Қаза берсем, таусылмас жыр кеніндей,
Туған дала,
өзіңмен біргемін ғой —
Құлындардың ұзамай енесінен
Айлы түнде сүт кешіп жүргеніндей!

Алдым — асқар асулар,
артым — жазық,
Ағып өткен жұлдыздай жарқыл қағып,
Жығылсам да, саған кеп жығылайын,
Айналайын туған жер — Алтын қазық!

ҚАРАҒАЙҒА ҚАРСЫ БІТКЕН БҰТАҚТАР

Бұтағында бар еді-ау, деп, мың ұя,
Қарағайға күн қарайды жымия.
«Тәубә!» дейді, қарт қарағай сол шақта,
«Тәубә, саған!
Тәубә, жарық дүния!»

Қарағайдың түзеп түрған мың жыл бой
Иығынан баса берді бір зілді ой:
«Қайтер едім, жасар болсам үш мың жыл,
Үндістанда есіп түрған інжірдей!»

Бір мезгілде жеті мың жан саялар,
Сол інжірді үш мың бұтақ аялар.
Үш мың бұтақ көтеріп түр мереійін,
Сүрегіндей — тірегіндей таянар.

Күннен-күнге бой алардай жоғары,
Сол інжірің қартайған да жоқ әлі.

Сол інжірің жапырағымен саялы,
Сол інжірің бұтағымен бағалы...

Тағдырына қызығып та қарамай,
Інжір жайлы түс көрмеді қарағай.
Бала келсе, бола қалып данадай,
Дана келсе, елпілдейтін баладай.

Күйбең-күйбең тіршілігі, тыртыңы,
Таусылмастай көрінсе де
бір күні
аиналып кеп соғатүғын зауалдай,
соқты дауыл,
Көрі ағашты жүлқыды.

Соқты дауыл, жайдың оты жарқылдап,
Ажал жетті қарағайды алқымдап.
«Құлады!» деп,
Қанаттары жалпылдап,
Қарға біткен кетті сонда қарқылдап.

Қарағайдың зауалға сай серті кеп,
Орындалды соңғы тілек — Ер тілек.
Жауырыны жерге тиген жоқ оның,
Жатыр бұтақ-қолдарымен жер тіреп!

Эділдікпен бөлген қара қылды қақ,
Өзің жайлы жаза қалсам жыр-кітап,
Сен қарағай сияқтысың, туған ел,
Мен — өзіңе қарсы біткен бір бұтақ!

ЕТІКШІ

Тіршілік өүенін
Күнүзак тыңдаумен «тақ-тұқ»-тан,
Ашады ол өзінің әлемін
Дағдылы қимылмен жаттықкан.

Шыныдан жасалған күркесі
Ой тастап тұрған жоқ бәлендей.
Әйтсе де, ойланса жұрт осы:
Етікші — жұмбақ бір әлем ғой!

Біреулер жамауға береді
Туфлиін тоздырған киіп көп.
Біреулер жүргісі келеді
Өкшесін көтеріп, биік боп.

Етігің болса да су жаңа,
Әйтеуір, табылар кем-кетік.
Су жаңа етікті «қинала-қинала»
Аласың жөндеп...

Тар еken біреудің етігі,
Кең дүние «тар» деп тұр ол мұнда.
Дүниенің тетігі —
Етікші қолында.

Сүлесоқ көңілмен қарайтын
Жұрт марғау, керенау.
Демек, бұл дүниенің
Жыртығын жамайтын
Үлкен бір Етікші керек-ay!

КЕСІРТКЕҢІҢ ҚҰЙРЫҒЫ

Қызып түр шағылдың маңдайы,
Күн ыстық!
Күн ыстық!
Кеберсіп таңдайы
Жұтына береді тыныштық...

Тоғысар мұнда сан қылыштықым,
Келе мә жаңалық ашқыңыз?
Айталық, кесіртке құйрығын
байқамай аяқта бастыңыз.

Сізбенен айқаспай, шайқаспай,
Беті ауған жағына
Қашады құйрығын ол тастай —
Соры ма, бағы ма?

Үзілген құйрығы жыланға
Айналар деп сеніп журген ем,
Сенімім айналып күмәнға...
Күмәншіл бол алдым мұлде мен!

Кесіртке құйрығы қаншама
Үзіліп тірлігі тоқтаған.
Жүрт соны білетін болса да,
Ешбір мән-мағына таппаған...

«Кінәмшіл болсан сен кінәла,
О, құйрық, иендей опасызы!»
дейтін бір дүбара
ойларға батасыз...

ҚАҢБАҚТАР

Киялға батырып қам көңіл қараны,
Бір кездे назарын бұрғызған ханның да
Қаңбақтар кезеді даланы,
беріліп сәл қайғы, сәл мұнға...

Қаңбақ та — кезге ыстық дүние,
Дүние шыр айналғанымен,
Енді оған кім ие
боларын ұқпаймын әлі мен.

Жынды жел қарамай әй-шайға,
Қорлық пен мазағы ешкімге бергісіз
қаңбақты апарып «жерлейді» қай сайға —
ол жағы белгісіз...

Қалармыз болған соң біз — адам,
Қаңбақтар жоғалар түбінде.
Кейде тек намыс пен ыздан
Сөйлерміз қаңбақтың тілінде.

Қаңбақтың дедектеп жүргені —
Емес деп біздердің кінәміз,
Атаймыз атын тек күлгелі,
Күліп ап, тек іштей тынамыз.

ЖАРСАҒАТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ АРДАГЕРІ

Тар бөлме,
Қарсы жақ қабырға —
Сарғайған суреттер...
Жарсағат...
Селт етпей сырттағы дабырға
Сырғиды әр минут,
әр сағат.

Тым-тырыс.
Тіршілік белгісін
білдірер жалғыз-ақ жарсағат —
Сығады бөлменің «нервісін»
тұс-тұстан
Тыныштық қоршап ап.

Әр минут,
әр сағат — алдағы әр,
Таусылмас ілгері үмтүлсыс.
Сағаттан кез алмай
Ардагер
жатқалы көп болды тым-тырыс.
Тойлай ма ол сексен жылдығын?
Бал ашып не керек күн бұрын!
Күн сайын сағаттың шынжырын
тартып ол
кетеріп жүр гирін.

Сан рет салмақтап,
сарапал,
Большевиктік арман-қиялын
түзейді
уақытқа қарап ап
солдаты революцияның!
Көтеріп сағаттың гирін ол,
Келеді жүргізіп Уақытты.
Сондағы шуағы,
нұры мол
күндері ғұмырдай бақытты!
Қарсы алмай ертеңгі шуақты,
Оянбай қалғандай бір батыр,
Бір күні
еденде снаряд сияқты
сүп-сүйкі гир жатыр...
Гир жатыр...

ҚҰЛАҒАН ҚҰДЫҚ ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

1

Сағым түр тарқатып сөлдесін
Күйдіріп өлтірер бұл атап!
«Кор болып өлмейік,
жан досым,
Бұлақ тап!
Бұлақ тап!»

2

Құла түз.
Құлаған бір құдық...
«Құлатқан кім оны?»
Өзімше ізденіп, түртініп,
Толғана беремін үнемі.

Құдыққа үңілсөң,
түп-тегі —
Сон-а-ау бір қараңғы жыл түбі.
Түбіне құласаң — біткені!
Жеңімнен қорқыныш жүлқыды.

Жо-жо-жоқ!
Қорықпан, үрікпен,
Құдықпен тағдырым біріккен.
Тұпсізге үңіліп тұрып мен,
Ертеңге қараймын үмітпен!
Құдықтар...
Құлаған құдықтар
Құм жұтып алыпты бүгінде.

Білмеймін,
қаншама жігіт бар
құлаған құдықтың түбінде.

Өзегін өрт алған халықты
Күйдірмей,
шөлін бір қандырып,
Бірталай боздақтар қалыпты,
Құдықтың түбінде мәңгілік.

Бұлтартпас көзіне Ертеңің
Қарауға арлары шыдамай,
онсыз да өзегі өрт елдің
ерлерін көмген кім?
Бұ қалай?

Құдықты құлатқан заман ба?
Жігітті құлатқан адам ба?
Бас қатып кетеді
осындай
Құдікті сұрақтан әманда...

3

Құдықтар —
жүргүт түгел ұмытқан
Құпия сырлардың қоймасы.
Құдықтар —
жүзінді тұннықтан
Көрсетер даланың айнасы.

Бейкүнә, мәлдір кез құдықтар
Көрместі көріп бір қойғандай,
Сол үшін ұлықтар
Даланың көздерін ойғандай...

Жата алман бітсе де өз ісім,
Миымды шымшылап мың сұрақ.
Жазықсыз ойылған Көз үшін
Әлдекім келердей құн сұрап!

Өртейді өзімді өз демім,
Емес бұл аптаңқа жан шыдар.
Құдықтар,
Бітелген көздерің
Ертең-ақ аршылар!

ҚҰМЫРА ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

1

Күмбірлетіп көңілдің қоңырауын,
Жатыр ашып Отырар омырауын...
Отырадың құлағы сияқтанып,
Елеңдейді етекте қоңыр ауыл.

Елеңдетіп ауылды келте ғұмыр,
Келте ғұмыр жайлы сыр шертеді бір.
Қоңыр ауыл шертетін құпия сыр,
Біреуге — аңыз, біреуге — ертегі-дүр.

Көрсө бірі — сайтанды, бірі — жынды,
Әңгіме сол айтылар күнұзыныңы...
Құлтөбеден есетін қоңыр самал,
Әкеледі құлаққа бір ызынды.

Бір ызынды естімін үні мұнды:
«Көрмегелі көп болды құлышынды...»
«Кетпеді ме жау мініп күлігімді?»
Құлтөбенің көмді екен күлі кімді?

Құмыралар шашылған құлтөбелер,
Көктем сайын дүркіреп бір көгерер.
Бір көгерер гүлдері құлтенелер,
Құлтөбелер — бұл күнде гүл төбелер.

Мынау ғажап өмірге іңкәр өлкем,
Шыға келер өз өнін шырқап ертең.

Осынау бір киелі топыраққа
Жайса керек киелі үрпақ өркен.

Құмыралар... шашылған құмыралар,
Құмыралар — бітпеген ғұмыр олар!
Сендер ұзақ жасандар, құмыралар,
Сендер мәңгі жасандар, құмыралар!

2

Бар деп айтам менің де бір құмырам,
Сол құмыра — қалдырар ілкі мұрам.
Иығымда көтеріп келе жатсам,
Бал ағады жамаулы жыртығынан.

Бал дегенім — бейкүнә, байыпты ойым,
Байыпты ойға тағылмас айып кейін...
Қайран жүрек орнынан табылар ма,
Балға салып сақтаған мәйттейін?

Байыпты ойға құмырам шүп-шүп толып,
Ернеуінен төгілер лықсып келіп.
Сонда менің құмырам жарылады,
Жарылады жүрегім быт-шыт болып.

Жүрегімнің аман-сау қалмасы анық,
Аман қалсын дегенім — далбасалық!
Мәңгілікті аңсаған перғауындей,
Сақтамаймын мен оны балға салып.

Құмырама шоқ салсам, сенбес еді от,
Ойсыз отты не керек енді еселеп!
Мен тілеймін: сынған соң құмырамды,
Төмпешіктің астына көмбесе деп.

Тыл-типыл боп ертең не бұрсугуні,
Төмпешіктің таусылар тіршілігі.
Көрінгеннің қолында кете барсын,
Құмырамның құп-құйттай бір сынығы!

БҰҒЫЛАР

Тірліктің дәмі бір таңдайға
Тұрғанда татылмай,
Тағдырдың жазуы маңдайға
Мүйіз бол бітсейші,
апыр-ай!..

Кейде мен түсімде:
Қош бол, деп кең дала,
mekенім!

Тайгада,
бұғылар ішінде
Бұғыға айналып кетемін.

«Қайтпасам, қалады-ау үй іздеп»
деген ой санамнан өшеді.
Қайсар бір қарағай
мүйіз бол
Маңдайға көшеді.

Өкіріп,
даусымен кернейдің,
Тайганы басыма көтерем.
Кедергі біткенді көрмеймін,
Тұп-тура тартамын төтемен...

Мен — беті қайтпаған жас бұғы,
Алдынан қарт бұғы кез келді.
Жоқ еді өштігі, қастығы,
Әйтсе де ол ала көзденді.

Мені өз үйірі ішінен
Бөлектеп,
жат көрді.
Ең соңғы қайраты,
күшімен
Ол маған тап берді!

Деді ол:

«Жолымнан түр былай!»
Қарағай мүйізбен қағыстық,
Жастыққа не дауа,

құрғыр-ай,
Бойымды кернейді қан ыстық.

Қайнаған жас қаным
Бойымда тың бір күш қосқандай,
Тайганың аспаның,
Аунатып тастардай.

Мүйізіммен мыңбұрау бұрғыдай,
Аяусыз сермелдім,
жерге ендім.

Әйтеуір, болысып бір «құдай»,
Мен жеңдім!
Мен жеңдім!

Шаңырақ мүйізі шарт сынып,
Қарт бұғы құлады.
«Аясам етті,— деп,— қартсынып!»
Жүргім жылады.

«Кетейін,
қалмайын жолымнан,
Көп емес екен ғой — кергенім...»
деп жүре беріп ем,

соңымнан
көрдім мен маралдар ергенін.

Маралдар мен жаққа ауыпты,
Мен — енді солардың қалқаны!
Мүйізіме бәрінен қауіпті
Тек қана адамдар арқаны...

Ұйқымнан оянсам,
миымды
Бұғылар бұрғылар...

Бұғылар
мәшпірті біткенде
қыныңды
Қасқайып қарсы алып, жығылар..
«Қайда сол қарағай мүйізім?
Неге оны түсімде көремін?»
деп ойладап
кейде мен күнүзін
түсімді еске ала беремін...

ҚАРЛЫ ҚҰЙЫН

Соқты қар құйын болып,
Әйтеуір, тыншымады.
Нәрсіздік миымды еміп,
Күшік-ой қыңсылады!

Дүние шыр айналсын,
Сырттандар үсімейді.
Сырттан-ой былай қалсын,
Аймын күшік-ойды.

«Кел, күшім, күшім!»— дейтін,
Жан қайда еркелетер?
Жандар көп түсінбейтін,
Шындықты ертек етер.

Жазықсыз жазалыны
Алмадым ақтап ала.
Мұржаның мазақ үні
Жағардай ақса қара.

Ызадан сілкіндім мен
Мұржаның мойнын орап.
Деп біреу: «Бұл кім жүрген?»—
Әйнектен қойды қарап.

Мұржаның зарлы қүйін
Тыңдағым келмей кетті.
Секілді қарлы қүйін
Тіледім мол бейнетті.

Мен де — бір қар қүйіны,
Өмірдің бар түйіні —
Жараспас шетте қалу.
Шындықты ақтап алу.

Жаратпай мұржа даусын,
Қүйін боп ақын етер.
Қүйіндай бір жолаушы
Күшікке рақым етер.

Жоғалтпай елге сенім,
Кетер өз жолыменен.
Жылынар қеудесі оның
Күшіктің деміменен.

ЖЕР СІЛКІНІСІ ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

1

Алматыда тағы да жер сілкінді...
Мазасыздай қарсы алып ем бұл түнді.
Аузыма кеп тығылардай жүргегім,
Көпке дейін келтірмеді үйқымды.

Жамбасымда бұлт-бұлт етіп жел көпшік,
Үйқысыздық ваакумында дәңбекшіп,
Жатыр едім,
құлағыма кенеттен
Жеті қат жер жылағандай келді өксік.
Софып етіп сілкіністің толқыны,—
Көпке дейін басылмады солқылды.

Жер бетінде тірлік құрып жатқаным
Түсті есіме жалғыз ғана сол түні.

Жер өксіді өрт алғандай өзегін,
Енді өкситін келді менің кезегім:
Адам кейде аумайды екен қоңыздан,
Домалатқан тіршіліктің тезегін...

Қу тіршілік айдағанда алға сап,
Жарар еді қоңыз болып қалмасақ!
Күні бойы тырбандаиды бір қоңыз,
Жас тезектен әп-әдемі шар жасап.

От-жалынға шарпылмас-ты өлкеміз,
Сарқылмас-ты, тартылмас-ты көл, теңіз...
Әттең бірақ...
Алдындағы тезекті
Жер шары деп түсінеді-ау сол қоңыз!

2

Дүниеге қарасам да адамдардың кезімен,
Қара жердің сілкінерін
Жылан болып сезінем.
Әлдеқайда жөңкіледі жыландардың ордасы
Ал, мен қайда безінем?

Иттерде бар ма деймін тектілік,
Олар него азан-қазан кетті ұлып?
Адамдары жиырмасыншы ғасырдың
Мақтанады-ау қойғандай-ақ көп біліп.

Жер сілкінсе, не болады күніміз?..
О, масқара!
Шықпай қалды, ә, үніміз!
Біреуіміз — табиғаттың ұлымыз,
Біреуіміз — тіршіліктің құлымыз.

Біреулерге — «байтал түгіл бас қайғы»,
Біреулерге — алтын, күміс, тас қайғы...
Жер сілкінсе, талай жандар өзінің
Кім екенін танып ала бастайды.

Тұған елдің тыныштығы
жолында,
Қиналмай-ақ қиятұғын
қалған қасық қанын да,
Хрустальдай таза жандар
қоя берді қалтырап,
Тағдырлары тұрғандай-ақ
мас адамның қолында...

* * *

Мен — кек өзен,
тепсінген тентек өзен,
еркеліктен демеуші ем ерте безем.
Безбедім мен,
балқаймақ кездерімнен,
«Қош!» — десе де балалық — ерке кезең.

Еркіндеуден
тыйылып бертіндеу мен,
толқып-толқып басылды-ау толқын-кеudem.
Өз базарым —
Өзімде,
Жазба, жаным,
мәлдір көзде тамшы бол мәлтілдеуден?

ҮҢГІР ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

1

Үңгірім, етейін сені жыр!
Үңгірлер — сырларым.
Үңгірлер.
Кеудемде талайдан бері бір
Қоламта боп жатқан мұнды үрлер...

Тұстім мен байлап ап беліме,
Шындықтың шылбырын.
Шынтемір хандардың еліне,
Басташы, үңгірім!

2

Үңгірлер қарайды маскі боп,
Қандықол қарақшы киетін.
Білдіріп тұргандай тас-түнек
Біреудің пиғылын, ниетін.

Ішінде үш өзен, үш көл бар
Кентукки үңгірі емес бұл!
Тұнектен зәресі ұшқандар
Жүргендей ішінде елестің.

Қорқақтар жүре алмас арапап,
Үңгірлер қараңғы.
Шығарып салады ол қаралап,
Жарығы әлсіздеу адамды.

Үңгірде қолдағы жарығың,
секілді жылт етер көмескі ой:
Қараңғы үңгірге кіргеннің, бәрінің
Ойлары қараңғы емес қой!

Жалғанда
мен жалғыз қалғанда,
Бұл үңгір болған-ды қорғаным.
Осында өзегім талғанда,
Қаншықтың емшегін сорғамын...

Мен — қасқыр емізген жас бала...
Басына күн туса бұлдыңғыр,
Кімдерге баспана
болмаған бұл үңгір!

Үңгірге қараман «үңгір» деп,
Ол — менің бабамның бесігі.
Тұңғыш рет қоңырау күмбірлеп,
Үңгірден ашылған дүние есігі.

Осыннан қазылыш қаралған,
Алыптар елінің динозаврлары...
Осыннан жазылыш таралған
Белгісіз ақынның бимаза
жырлары...

Әркімнен әр нәрсе хакында,
Қазбалап сұрай кеп,
Белгісіз үңгірдің атын да,
Өзімше қояр ем былай деп:

Қалатын ешкімге керекпей,
Ездер мен Жасықтар үңгірі.
Тағдырға Еңлік пен Кебектей,
Кез келген Ғашықтар үңгірі.

Иә, бүл — тілемес марапат,
Махаббат үңгірі!
Миллион жыл тиғізген шарапат,
Шапағат үңгірі!

5

Үңгірлер — жарқабақ, жырадан
Үрейлі үнірейген дзот.
Бар еді бір адам,
Өп-сөтте сол адам болды жоқ!

Бекерге өлген жоқ сол адам,
Таусылған кезде гранаттары,
Гранат суырып санаған,
Оқ бетін қақты өрі...

Дзоттың амбразурасын
Жапты да көкірегімен ол,
Құлады, естімей Женістің «Ура!»-сын...
Бүл күнде
Үңгірге
Гүл алып кіреді ел...

6

Батырлар түсіп ап,
Сынайтын өзін бір
Біреудің еті өскен көзі — үңгір,
Біреудің оты өшкен сөзі — үңгір...

Үңгірдің аузы бар, тілі жоқ,
Ол үнсіз бәріне шыдаған.
Адамсыз күні жоқ,
Үңгірдің тілі — Адам!

Ашқандай дүниенің сырын бір,
Жыр оқып жүргем жоқ жыында.
Бар екен ең жұмбақ бір үңгір,
Өзімнің миымда!

МЫҚТЫЛЫҚ ПЕН БИЛІК ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

1

Қу құлқының кеткен жерде пәлектеп,
Құләбіңіз қала берер көмек боп.
Мықтылықтың белгісі деп түсінсөн,
Анадан да, мынадан да ал ептең!

Мықтылықты жазса біздің тұмысқа,
Белшесінен тез батады ол қылмысқа.
Көрінгенге күпсінетін ағайын,
Мықты болсан, уысында суды ұста!

Баянсыздау билігінді күә ғып,
Уысыңдан кете берер су ағып.
Ағайын-ау, кел, онан да кірлеген
Қолымызды ағын суға жуалық!

2

Сезім-атты босатпаса дәрте-ми,
Қызықтырмас наз қылықты жар, кең үй.
Цезарьмын деп ойлай қалса ол өзін,
Көз алдынан кетпей тұрап Антоний!

Жүрегін жеп бір өзекқұрт — өкініш,
Берекесіз болды оған бұл отырыс.